

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі зерттеу және жұмыс нәтижелерін қабылдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 20 тамыздағы № 458 және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 26 тамыздағы № 343 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 31 тамызда № 24171 болып тіркелді.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы кодексінің 54-бабының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі зерттеу және жұмыс нәтижелерін қабылдау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі

М. Мирзагалиев

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін атқарушы

К. Ускенбаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
міндетін атқарушының
2021 жылғы 20 тамыздағы
№ 458 және
Қазақстан Республикасы
Экология, геология
және табиғи
ресурстар министрінің
2021 жылғы 26 тамыздағы
№ 343 бірлескен бұйрығымен
бекітілген

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі зерттеу және жұмыс нәтижелерін қабылдау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі зерттеу және жұмыс нәтижелерін қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 54-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және мынадай жер қойнауын пайдалану келісімшарттары және (немесе) лицензиялары бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі зерттеу және жұмыс нәтижелерін қабылдау тәртібін анықтайды:

- 1) қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензиялар бойынша;
- 2) қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензиялар бойынша;
- 3) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензиялар бойынша;
- 4) кен іздеушілікке лицензиялар бойынша;
- 5) құрылысқа берілген лицензиялар бойынша;
- 6) уран өндіру жөніндегі келісімшарттардан басқа, Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған пайдалы қатты қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге арналған келісімшарттар бойынша;
- 7) Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге арналған келісімшарттар бойынша;
- 8) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, мемлекет меншігіндегі теміржолдарды, гидроқұрылыстар мен гидротехникалық құрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу мақсатында пайдалану үшін кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған рұқсаттар;

9) Кодекстің қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған, пайдалы қазбаларды барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жою актісі – Кодекске және осы Қағидаларға сәйкес қол қойылатын, жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарт немесе лицензия бойынша пайдаланудағы жер қойнауының бір бөлігі немесе бүкіл учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі барлық немесе белгілі бір жұмыстардың орындалуын растайтын құжат;

2) зерттеу актісі – Кодекске және осы Қағидаларға сәйкес қол қойылатын және жер бетінде (су айдындарының түбінде) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асырудың болмауын немесе тиісті келісімшарт немесе жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия бойынша пайдаланудағы немесе пайдалануда болған жер қойнауының бір бөлігінде немесе барлық учаскесінде олардың бұзылуын растайтын құжат;

3) барлауға арналған келісімшарт – Кодекстің қолданысқа енгізілуіне дейін жасалған, қатты пайдалы қазбаларды барлауға (барлау кезеңінде бірлескен барлау мен өндіруге) арналған келісімшарт немесе кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға (барлау кезеңінде бірлескен барлау мен өндіруге) арналған келісімшарт;

4) өндіруге арналған келісімшарт – Кодекстің қолданысқа енгізілуіне дейін жасалған, қатты пайдалы қазбаларды өндіруге (өндіру кезеңінде бірлескен барлау мен өндіруге) арналған келісімшарт немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге (өндіру кезеңінде бірлескен барлау мен өндіруге) арналған келісімшарт;

5) құрылысқа және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарт – Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған, пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарт;

6) жою жоспары – құжат, өндіру учаскесінде орналасқан кенішті және басқа да өндірістік және инфрақұрылымдық объектілерді пайдаланудан шығару жөніндегі, өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде бұзылған жерлерді рекультивациялау жөніндегі іс-шаралардың, прогрессивті жоюды жүргізу жөніндегі іс-шаралардың, өндіру жөніндегі операциялардың зардаптарын жою жөніндегі өзге де жұмыстардың сипаттамасын, сондай-ақ осындай жою жөніндегі іс-шаралардың шамамен алынған құнының есебін қамтитын, өндіру жөніндегі

7) жою жөніндегі жұмыстардың жобасы – объектілерді кейіннен кәдеге жаратуды және (немесе) бүлінген жерлерді қалпына келтіруді қамтитын, пайдалы қатты қазбаларды өндіру немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою (прогрессивтік жою) жөніндегі жұмыстарды жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына және Қазақстан

Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жою жоспарының бекітілген және сараптамалар мен келісулердің оң қорытындыларын алу негізінде жасалатын құжат;

8) рекультивациялау жобасы – қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі, жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі немесе кен іздеушілік жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде, сондай-ақ ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, мемлекет меншігіндегі теміржолдарды, гидрокұрылыстар мен гидротехникалық құрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу мақсатында пайдалану үшін кең таралған пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіру кезінде бұзылған жерлерді рекультивациялау мақсатында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жасалатын сызбаларды, есептер мен сипаттамаларды, графикалық бейнелеу мен негіздемені қамтитын техникалық, экономикалық, жоспарлы құжаттардың жиынтығы;

9) барлауға арналған рұқсат – жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, мемлекет меншігіндегі теміржолдарды, гидрокұрылыстар мен гидротехникалық құрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу мақсатында пайдалану үшін кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға рұқсат;

10) өндіруге арналған рұқсат – жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, мемлекет меншігіндегі теміржолдарды, гидрокұрылыстар мен гидротехникалық құрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу мақсатында пайдалану үшін кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған рұқсат.

Осы Қағидаларда пайдаланылған өзге ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өндірістік объектілер мен жер учаскелерін халықтың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жай-күйге келтіру мақсатында жүргізілетін, оның ішінде бүлінген жерлерді рекультивациялау арқылы жүргізілетін іс-шаралар кешені жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою (бұдан әрі – жою) болып табылады.

4. Жою:

1) жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінің барлығынан немесе бір бөлігінен бас тартқан (қайтарған) кезде жер қойнауы учаскесін пайдалану құқығы тоқтатылғанға (жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның (келісімшарттың) қолданылуы тоқтатылғанға) дейін жер қойнауын пайдаланушымен ерікті түрде;

2) жою (прогрессивтік жою) жөніндегі жұмыстардың жалпы көлемін азайту мақсатында жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның немесе келісімшарттың

қолданылуы тоқтатылғанға дейін жер қойнауы кеңістігін өндіру немесе пайдалану учаскесінде орналасқан жекелеген объектілер (мысалы, үйінділер, бүлінген жердің бір бөлігі, құрылыстар мен ғимараттар) бойынша жер қойнауын пайдаланушы ерікті түрде;

3) Кодекстің 54-бабының 3-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес жер қойнауы учаскесін пайдалану құқығы тоқтатылған кезде міндетті түрде жүргізіледі.

5. Кодекстің 54-бабының 3-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес жер қойнауы учаскесін пайдалану құқығы тоқтатылған кезде міндетті түрде жүргізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі жұмыстар:

1) барлауға арналған рұқсаттар, қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензиялар (келісімшарттар) бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылғаннан кейін алты айдан кешіктірмей;

2) кен іздеушілікке арналған лицензиялар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылғаннан кейін алты айдан кешіктірмей;

3) қатты (кең таралған) пайдалы қазбаларды өндіруге, тау-кен өндіру немесе тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдерін орналастыру объектілерін орналастыру және (немесе) пайдалану мақсатында жер қойнауы кеңістігін пайдалануға лицензиялар (келісімшарттар) бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кезде жою жоспарының іс-шаралар кестесінде көзделген мерзімде;

4) Кодекстің 249-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген мақсаттарда жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензиялар бойынша және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 188 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 141166 болып тіркелген) Мемлекеттік меншіктегі жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды салу (реконструкциялау) және жөндеу мақсаттары үшін, сондай-ақ гидроқұрылысжайларды және гидротехникалық құрылысжайларды реконструкциялау және жөндеу үшін пайдаланылатын кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды немесе өндіруді жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығын беру қағидаларының 16-тармағының талаптарын ескере отырып, салуға және (немесе) пайдалануға беруге арналған келісімшарттар бойынша өндіруге арналған рұқсаттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын тоқтату кезінде рекультивациялау жобасында көзделген мерзімде аяқталуы тиіс.

6. Жер қойнауын пайдалану учаскесінің барлығын, бір бөлігін немесе жер қойнауын пайдалану құқығын тоқтату кезіндегі жою жою актісімен ресімделген, жою жөніндегі жұмыстарды қабылдаған сәттен бастап аяқталған болып есептеледі. Бұл ретте, прогрессивті жою жөніндегі жұмыстарды қабылдаған жағдайда жою актісі ескертпемен ресімделеді.

7. Барлаудан немесе кен іздеушілік учаскесінің бір бөлігінен немесе өндіру учаскесінің бір бөлігінен жер қойнауын пайдалану жөніндегі тиісті операциялар іс

жүзінде жүзеге асырылмаған немесе егер мұндай операциялар жер бетін (су айдындарының түбін) бұзбай жүзеге асырылған болса, мерзімінен бұрын бас тарту (келісімшарт бойынша келісімшарттық аумақты қайтару) ниеті болған кезде жою жұмыстарын жүргізу талап етілмейді. Бұл жағдайда жоюды талап ететін салдардың болмауын растау мақсатында зерттеу актісі ресімделеді.

8. Зерттеп – қарау немесе тарату жөніндегі жұмыстардың нәтижелерін қабылдауды тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган), оның өкілдерінен және мемлекеттік органдардың, жер қойнауын пайдаланушының құратын комиссия (бұдан әрі – комиссия) (жер қойнауын пайдалану құқығы тиісті жер қойнауы учаскесі бойынша тоқтатылған тұлғаның) өкілдерінен жүзеге асырады.

9. Егер жеке немесе заңды тұлға көзделген мерзімде оның аяқталуын қамтамасыз етпесе, оларды орындаудан жалтарса немесе мұндай тұлға анықталмаса не оның өмір сүруін тоқтатса және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратуды мемлекеттік орган жүргізсе, онда тарату жөніндегі жұмыстарды қабылдауды Комиссия аталған адамның қатысуынсыз жүзеге асырады.

10. Қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензиялар, барлауға арналған рұқсаттар, барлауға арналған келісімшарттар бойынша комиссия мынадай мемлекеттік органдардың өкілдерін қамтиды:

- 1) жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жөніндегі уәкілетті органның органның бөлімшесі;
- 2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі;
- 3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі;
- 4) жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 06.03.2026 № 85 және ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.03.2026 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

11. Қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензиялар, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензиялар, өндіруге арналған рұқсаттар және өндіруге арналған келісімшарттар бойынша комиссия мынадай мемлекеттік органдардың өкілдерін қамтиды:

- 1) жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жөніндегі уәкілетті органның органның бөлімшесі;
- 2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі;
- 3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі;

4) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі;

5) жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 06.03.2026 № 85 және ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.03.2026 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

12. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензиялар және құрылысқа және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша комиссия мынадай мемлекеттік органдардың өкілдерін қамтиды:

- 1) жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жөніндегі уәкілетті органның бөлімшесі;
- 2) жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі;
- 3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі;
- 4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі;

5) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі.

13. Кен іздеушілікке лицензиялар бойынша комиссия мынадай мемлекеттік органдардың өкілдерін қамтиды:

- 6) жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жөніндегі уәкілетті органның бөлімшесі;
- 7) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі.

14. Комиссия жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі жұмыстарды, ал осы Қағидаларда көзделген жағдайларда – зерттеу нәтижелерін қабылдауды (бұдан әрі – қабылдау) жүзеге асырады.

15. Комиссия өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) жер қойнауын пайдаланушы (жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға) ұсынған құжаттарды қарайды және талдайды;

2) тиісті құжаттарда көзделген орындалған жұмыстардың толықтығы мен сапасы мәніне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қабылдауға жататын жою жұмыстары жүргізілген жер қойнауы учаскесін, жер қойнауы учаскесінің бөлігін толық тексеру;

3) жер қойнауы учаскесін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілмеген немесе жер бетін (су айдындары түбін) бұзбай жүргізілген жер қойнауы учаскесінің бөлігін жоюды жүргізу қажеттілігінің жоқтығын растау мақсатында толық зерттеу;

4) егер жою жөніндегі жұмыстардың жобасына (қалпына келтіру жобасына) және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмесе, жою жөніндегі орындалған жұмыстарға, олардың көлемі мен сапасына ескертулер мен ұсынымдар әзірлеу;

5) жою актісіне, ал осы Қағидаларда көзделген жағдайларда – зерттеу актісіне қол қою.

6) қабылдау мақсаттары үшін осы Қағидаларға сәйкес жер қойнауын пайдаланушы (жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға) ұсынатын құжаттарды қарайды;

7) өзара іс-қимыл жасайды және мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан, ұйымдар мен азаматтардан өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратады;

8) қажет болған жағдайда комиссия жұмысына мемлекеттік органдардың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандары мен сарапшыларын тартады.

16. Комиссияның міндеттерін шешу үшін жер қойнауы учаскесін немесе учаскенің бір бөлігін қарап-тексеру және зерттеп-қарау жер қойнауын пайдаланушының (таратуды жүргізуге міндетті тұлғаның) күшімен және есебінен комиссияның барлық құрамы үшін қамтамасыз етіледі.

17. Комиссия тексеру немесе жою жөніндегі жұмыстардың нәтижелерін қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы шешімді тиісті жобалау құжатында көзделген орындалған жұмыстардың толықтығын және сапасын, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тікелей қарап шыққаннан және бағалағаннан кейін Комиссияның әрбір мүшесі бірауыздан қабылдайды.

18. Комиссияның құрамын әрбір жекелеген жағдай бойынша жергілікті атқарушы орган бекітеді.

19. Комиссия жою актісіне немесе зерттеп-қарау актісіне қол қойылған сәттен бастап өз қызметін тоқтатады.

2-тарау. Тарату бойынша жұмыстарды қабылдауды және тексеру нәтижелерін ұйымдастыру

20. Жергілікті атқарушы орган жер қойнауын пайдаланушының (жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлғаның) жазбаша өтініші бойынша комиссия құрады.

21. Өтінішке мыналар:

1) осы Қағидалардың 23-тармағында көзделген мәліметтер және көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар көрсетілген түсіндірме жазба;

2) бүлінген жерді қалпына келтіру жобасының немесе салдары жойылуға жататын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың түріне қарай Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сараптамалар мен келісулердің оң қорытындылары бар тарату жөніндегі жұмыстар жобасының көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сараптамалардың қорытындылары бар жою жоспарының көшірмесі (егер оны әзірлеу жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың тиісті түрі үшін көзделген болса);

4) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілген жер қойнауы учаскесінің (учаскенің бір бөлігінің) және онда орналасқан, жою жөніндегі жұмыстар жүргізілген объектілердің орналасу картограммасы, жер бетінің топографиялық картасы;

5) көрнекілікті қамтамасыз ететін ландшафттың (жойылған объектілердің) 20х30 см форматында орындалған фотосуреттері;

6) барлауға арналған тиісті рұқсаттың, өндіруге арналған рұқсаттың, жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның (келісімшарттың) көшірмесі;

7) геологиялық немесе тау-кендік бөлудің көшірмесі (жер қойнауын пайдалануға арналған байланыстар бойынша);

8) соңғы төрт жылдағы лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы немесе лицензиялық-келісімшарттық шарттардың және жұмыс бағдарламасының міндеттемелерінің орындалуы туралы есептердің көшірмелері қоса беріледі.

Құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

22. Түсіндірме жазбада мынадай мәліметтер:

1) жер қойнауын пайдаланушы (жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға) туралы мәліметтер;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы (тоқтатылған) лицензияның (келісімшарттың, рұқсаттың) деректемелері;

3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілген кезең;

4) жер қойнауы учаскесінде (оның бір бөлігінде) жүргізілген жұмыстардың түрлерін, тау-кен массасын алу көлемдерін, топырақтың орын ауыстыруын (барлау үшін) көрсете отырып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың жалпы сипаттамасы немесе жер бетінің (су айдындары түбінің) бұзылуын болжайтын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың жүргізілмегені туралы нұсқау;

5) жою (қалпына келтіру) бойынша орындалған жұмыстардың сипаттамасы;

6) жер қойнауын жою (рекультивациялау) жөніндегі жұмыстар орындалған аумақтың алаңы және жер қойнауы учаскесінің жалпы алаңы;

7) жою жөніндегі жұмыстардың жобасын (рекультивациялау жобасын) әзірлеген ұйымның атауы;

8) жою (рекультивациялау) жөніндегі жұмыстарды орындаған мердігер ұйымның (ұйымдардың) атауы;

9) жоюды (қайта құнарландыруды) жүргізуге арналған тікелей және жанама шығындардың сомасы;

10) зерттеу немесе жою жөніндегі жұмыстар жүргізілген жер учаскесінің (жер учаскелерінің) меншік иесінің (меншік иелерінің) және (немесе) жер пайдаланушының (жер пайдаланушының) атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі және (немесе) тегі, аты және әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды мекенжайы, байланыс деректері қамтылады.

23. Жергілікті атқарушы орган өтінішті және ұсынылған құжаттарды толықтығы және осы Қағидалардың 21 және 22-тармақтарына сәйкестігі тұрғысынан он жұмыс күні ішінде қарайды.

24. Барлық көзделген құжаттар ұсынылмаған жағдайда жергілікті атқарушы орган жетіспейтін құжаттар мен мәліметтерді көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіні үш жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді.

25. Жергілікті атқарушы орган осы Қағидалардың 21 және 22-тармақтарына сәйкес талап етілетін барлық құжаттарды ұсынған жағдайда комиссия құрады, бұл туралы өтініш берушіні үш жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді.

26. Комиссия құру кезінде жергілікті атқарушы орган осы Қағидалардың 10, 11, 12 немесе 13-тармақтарына сәйкес мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын Комиссия мүшелеріне өтініш беруші ұсынған барлық құжаттардың көшірмелерін тексеруге немесе қарауға дайындау мақсатында қарау және зерделеу үшін жібереді.

Егер комиссия мүшелері құжаттарды қарау және зерделеу барысында жер қойнауын пайдаланушының жердің (су айдындарының түбінің) бұзылуын анық болжайтын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асырғаны анықталса, жергілікті орындаушы орган бұл туралы өтініш берушіні дереу, бірақ зерттеу мақсатында жергілікті жерге шығу күні басталғанға дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді. Бұл жағдайда жер қойнауын пайдаланушы Кодекске сәйкес одан бас тартуға ниеттенген жер қойнауы учаскесіндегі немесе жер қойнауы учаскесінің бір бөлігіндегі операциялардың салдарын жоюды жүзеге асыруға міндетті.

27. Жеке меншіктегі немесе жер пайдаланудағы жер учаскесінде зерттеу немесе тарату жөніндегі жұмыстар жүргізілген жағдайда өтініш беруші жер учаскесінің меншік иесін, жер пайдаланушыны немесе олар уәкілеттік берген адамды осы Қағидалардың 21 және 22-тармақтарында көзделген құжаттармен және мәліметтермен қамтамасыз етеді.

Өтініш беруші жер учаскесінің меншік иесін, жер пайдаланушыны немесе олар уәкілеттік берген тұлғаны көрсетілген құжаттармен және мәліметтермен іздеуді және қамтамасыз етуді өз бетінше, өз күшімен және өз есебінен жүзеге асырады.

28. Жергілікті атқарушы орган тарату жөніндегі жұмыстарды орындау нәтижелерін зерттеп-қарау немесе қарап-тексеру мақсатында жергілікті жерге шығу күнін комиссия мүшелерімен келіседі және комиссия құрылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді. Көрсетілген күн комиссия құрылған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кеш болмауға тиіс.

Кету күнінде жеке меншіктегі немесе жер пайдаланудағы жер учаскесінде, жер учаскесінің меншік иесінің, жер пайдаланушының немесе олар уәкілеттік берген адамның тарату жөніндегі жұмыстардың нәтижелерін зерттеп-қарау немесе қарап-тексеру мақсатында жергілікті жерге барудың болмауы немесе мүмкін болмауы мұндай зерттеп-қарау немесе қарап-тексеру үшін кедергі болып табылмайды.

29. Зерттеу мен тексеруді жүргізу кезінде комиссия мүшелерінің:

1) тексеру аумағын суретке түсіруді немесе жою нәтижелерін қарауды фото - және бейнетүсіруді жүзеге асырады;

2) тексерілетін аумақтың шекаралары шегінде атмосфералық ауаның, жерүсті және жерасты суларының, топырақ қабатының не табиғи ортаның өзге де компоненттерінің (қажет болған кезде) үлгілерін іріктеуді жүргізуге міндетті;

3) мемлекеттік органдардың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандары мен сарапшыларын тартуға құқығы бар.

30. Тексеру барысында комиссия:

1) жою (рекультивациялау) бойынша орындалған жұмыстардың жою (рекультивациялау) жөніндегі жұмыстардың жобасына сәйкестігін;

2) жою (рекультивациялау) бойынша орындалған жұмыстардың, оның ішінде олардың сапасының өнеркәсіптік қауіпсіздік, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнаманың, экологиялық және жер заңнамасының талаптарына сәйкестігін;

3) таңдалған тарату нұсқалары мен нәтижелерінің тиісті тарату жоспарында көзделген тарату өлшемшарттары мен міндеттеріне сәйкестігін, егер оның болуы Кодекске сәйкес талап етілсе, жүзеге асырады;

4) жою нәтижелерінің тау-кен өндіру және (немесе) тау-кен байыту өндірістерінің техногендік минералдық түзілімдерін орналастыру объектілерін орналастыру және (немесе) пайдалану кезінде қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру учаскесіндегі және жер қойнауы кеңістігін пайдалану учаскесіндегі жер қойнауын пайдалану салдарларын жоюдың техникалық ерекшеліктерінің талаптарына сәйкестігі болып табылады;

5) жою (рекультивациялау) бойынша орындалған жұмыстардың жер қойнауы учаскесінде (оның бір бөлігінде) жүргізілген жұмыстардың көлеміне, сипатына және түрлеріне сәйкестік дәрежесі;

6) жою жоспары негізінде және жою жөніндегі жұмыстар жобасына сәйкес тау-кен массасын алумен және (немесе) бір мың текше метрден асатын көлемде топырақтың орнын ауыстырумен барлау салдарын жою кезінде жою мониторингі үшін сынамаларды алудың, жер қойнауы кеңістігін өндірудің және пайдаланудың тиісті пункттерінің болуы (егер бұл жою жоспарында немесе жою жөніндегі жұмыс жоспарында көзделсе);

7) орындалған жою жөніндегі жұмыстардың нәтижесінде жерүсті және жерасты су, топырақ қабаты не өзге де табиғи ортаның компоненттері сынамаларын талдау деректері;

8) жою мониторингінің аяқталуы және тау-кен өндіру және (немесе) тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдерін орналастыру объектілерін орналастыру және (немесе) пайдалану кезінде пайдалы қатты қазбаларды өндіру салдарын жою объектілеріне немесе жер қойнауы кеңістігін пайдалануға ұзақ мерзімді техникалық қызмет көрсету қажеттілігінің болмауы жатады.

31. Тексеру барысында комиссия өтініш беруші (жер қойнауын пайдаланушы) бас тартуға ниеттенетін жер қойнауы учаскесінде немесе жер қойнауы учаскесінің бір бөлігінде жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуі нәтижесінде болған, халықтың өмірі мен денсаулығы, қоршаған ортаны қорғау үшін қауіпсіз емес және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалпына келтіруді талап ететін жердің (су айдындары түбінің) бұзылуы мен ластануының болуын тексереді.

32. Зерттеу жүргізу кезінде жоюды жүргізу қажеттілігі болмауын растау мақсатында комиссия құрамындағы мемлекеттік органдардың өкілдері тексеру нәтижелерін қабылдау мақсатында осы Қағидаларға сәйкес жер қойнауын пайдаланушы ұсынатын құжаттарды қарай отырып, тапсырылған геологиялық есептерге, лицензиялық-келісімшарттық шарттардың орындалуы туралы тапсырылған есептерге сәйкес жер қойнауын пайдалану бойынша жүргізілген (жүргізілмеген) операциялар туралы мәліметтерді жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жобалық құжаттармен және жер қойнауын пайдаланушы бас тартуға ниеттенген жер қойнауы учаскесінің аумағын немесе жер қойнауы учаскесінің бір бөлігін зерттеудің нақты нәтижелерімен салыстырып тексереді.

Егер тексеру барысында жер қойнауын пайдаланушының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалпына келтіруді талап ететін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуі нәтижесінде болған жердің (су айдындары түбінің) бұзылуы және ластануы анықталса, жергілікті атқарушы орган тексеруді тоқтатады және бұл туралы өтініш берушіні дереу хабардар етеді. Бұл жағдайда жер қойнауын пайдаланушы Кодекске сәйкес одан бас тартуға ниеттенген жер қойнауы учаскесіндегі немесе жер қойнауы учаскесінің бір бөлігіндегі операциялардың салдарын жоюды жүзеге асыруға міндетті.

33. Егер ауа райы жағдайларына, орын ауыстыру бойынша заңнамалық шектеулерге немесе жою бойынша жұмыстардың нәтижелеріне тиісті түрде тексеру немесе қарау жүргізуге мүмкіндік бермейтін өзге де объективті жағдайларға байланысты жою бойынша жұмыстардың нәтижелеріне тексеру немесе қарау жүргізу мүмкін болмаса, комиссия келісілген тексеруді немесе қарауды басқа күнге ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

